

«КЕЛІСІЛДІ»

Атырау облысы Мәдениет және  
тілдерді дамыту басқармасы  
басшысы

 Ә.Жоламанов  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 2026 ж.

«БЕКІТІЛДІ»

Дина Нұрпейісова атындағы  
Академиялық казак халық  
аспаптар оркестрі КМҚК басшысы

 Х.Сүйекбаев  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 2026 ж.

Қазақстанның Халық әртісі, профессор,  
«Парасат» орденінің иегері, дәулескер күйші  
Рыспай Хисметұлы Ғабдиевтің 90 жылдығына арналған  
«Күй қағаны» атты III Республикалық ерлер арасындағы  
домбырашылар конкурсы

### ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРЫ:

- Атырау облысы әкімдігі;
- Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы;
- Д.Нұрпейісова атындағы Академиялық казак халық аспаптар оркестрі;

### Конкурстың мақсаты:

Қазақ өнерінің дара тұлғаларының бірі, белгілі дирижер, Қазақстанның Халық әртісі, профессор, «Парасат» орденінің иегері, дәулескер күйші Рыспай Хисметұлы Ғабдиевтің күйшілік өнерін өскелең ұрпаққа, өнер сүйер жұртшылыққа кеңінен насихаттау, жас таланттар мен шебер орындаушыларды анықтау, дарынды өнерпаздардың кәсіби шеберлігін арттыру, күйшілік орындаушылық өнерді дәріптеу және насихаттау.

### Конкурстың өту мерзімі:

2026 жыл 22-24 сәуір күндері Атырау қаласы.

Конкурсанттардың келу күні: 21 сәуір 2026 жыл.

Конкурстың I – II - III кезеңдері 22-24 сәуір күндері - Н.Жантөрин атындағы облыстық филармония сахнасында өткізіледі.

Конкурстың жабылу салтанаты және гала концерт 24 сәуір күні - Облыстық халық шығармашылығы орталығы сахнасында өткізіледі.

## Конкурстың шарттары мен конкурсанттарға қойылатын талаптар:

Үміткерлердің жас ерекшелігі 17 мен 45 жас аралығы

### I кезең

1. Құрманғазы «Терісқақпай» –міндетті.
2. Дәулеткерей «Қос ішек» –міндетті.
3. Дина «Байжұма»- міндетті.
4. Р.Ғабдиевтың репертуарынан жеребе бойынша 1 күй:

1. Құрманғазы «Машина»
2. Дина «8- март»
3. Дәулеткерей «Короглы»
4. Дәулеткерей «Көркем ханым»
5. Кәуен «Сәнау»

### II - кезең

1. Құрманғазы «Байжұма» - міндетті.
2. Дина «Бұлбұл» - міндетті.
3. Құрманғазы «Қайран шешем»- міндетті.
4. Ерғали «Қоштасу» немесе «Бозашы» конкурсанттың өз таңдауы бойынша

### III - кезең

1. Құрманғазы «Төремұрат» - міндетті.
2. Жантөре «Шалқыма» - міндетті.
3. Халық күйлерінен конкурсанттың таңдауы бойынша 1 күй:
  1. «Ел айырылған»
  2. «Қарасай»
  3. «Ақсақ құла»
  4. «Кербез Ақжелең»

#### • Ескертпе:

I-II-III кезеңдегі орындалатын міндетті және тізімде көрсетілген күйлер Р.Ғабдиевтың орындау нұсқасында болуы шарт.

I кезеңнен өтпеген конкурсант II кезеңге жіберілмейді.

II кезеңнен өтпеген конкурсант III кезеңге жіберілмейді.

Конкурсанттың кәсіби біліміне, мамандығына шектеу қойылмайды.

Конкурсқа облыстық мәдениет бөлімдерінің, концерттік ұйымдары дирекциясының, оқу орындарының жолдамалары немесе ұсыныстары бойынша қатыса алады.

**Конкурсқа Құрманғазы, Дина атындағы Республикалық күйшілер конкурсының бас жүлде иегерлері қатыса алмайды.**

Конкурсқа әр облыстан 2 (екі) және өнер ұжымдарынан 2 (екі) үміткерден қатыса алады. Үміткерлердің жас ерекшелігі 17 мен 45 жас арасы болуы тиіс.

Конкурстың шарттары ақпарат беттерінде қосымша жарияланады.

#### **Ұйымдастыру комитетінің құзіреті:**

1. Ұйымдастыру комитеті конкурстың ұйымдастырушылық-техникалық жұмыстарын атқарып, оның жоғары өткізілуін қамтамасыз етеді.
2. Конкурстың жарнамалық, баспа өнімдерін шығаруды ұйымдастырады, бұқаралық ақпарат құралдарымен тікелей жұмыс істейді.
3. Қазылар алқасының жүйелі де, нәтижелі жұмыс істеуіне жағдай жасайды.
4. Конкурс жеңімпаздарының шығармашылығын облыстық, республикалық ақпарат құралдары арқылы насихаттауға ықпал етеді.
5. Қажет болған жағдайда облыстан қатысқан үміткерлерді анықтау үшін сараптама комиссиясы құрылады.

#### **Конкурстың қазылар құрамы, қызметі:**

- Ұйымдастыру комитеті қазылар алқасының құрамын облыстық мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының келісімі арқылы құрады.
- Қазылар алқасының құрамына республикаға белгілі өнер қайраткерлері шақырылады.
- Қазылар алқасы тағайындалған сыйлықтардың барлығын бірдей тағайындамауға немесе бір сыйлықты бірнеше орындаушыға бөліп беруге құқылы.

#### **Марапаттау жүлделері:**

Конкурс жеңімпаздарына төмендегідей жүлделер тағайындалады:

- Бас жүлде – 1 (біреу)
- I – орын және лауреат атағы – 1 (біреу)
- II – орын және лауреат атағы – 2 (екеу)
- III – орын және лауреат атағы – 2 (екеу)
- Дипломант – 2 (екеу)
- Р.Ғабдиев атындағы арнайы жүлде – 1 (біреу)

### **Конкурсты қаржыландыру**

- Конкурс жергілікті бюджеттен қаржыландырылады.
- Қазылар алқасының барлық шығыны ұйымдастырушылар есебінен төленеді.
- Әр облыстан қатысушылардың барып-қайту жол шығындары жіберуші жақ тарапынан төленеді.
- Конкурс барысында конкурсанттардың жатар орны мен тамақтануы ұйымдастырушы тарапынан.

### **Конкурсанттардың тапсырыс құжаттары:**

1. Жеке куәлік көшірмесі.
2. Өзі туралы қысқаша өмірбаян.
3. Түрлі түсті 10x15 фото сурет.
4. Шығармашылық мінездеме.
5. Оқитын немесе жұмыс жасайтын жерінен жолдама немесе ұсыныс хат.
6. Әр кезеңдерде орындалатын шығармалар тізімі.
7. Ұялы телефон номері
8. 20-сандық банктік есеп-шоты

**Конкурсқа қатысушылар өтініштерімен құжаттарын 2026 жылдың 30 наурызға дейін төмендегі мекен-жайға жіберуі тиіс:**

**Мекен-жайы:** Атырау қаласы Әбілқайыр хан даңғылы 52.  
тел: 8(7122) 20-93-26, (тел/факс) 20-93-25.

**E-mail:** [orc.dina\\_90@mail.kz](mailto:orc.dina_90@mail.kz)

### **Жауапты қызметкерлер:**

Жеңіс Исмагулов – Басшы орынбасары. 8 701 605 10 18

Болат Долдашов – Оркестрдің көркемдік жетекшісі және бас дирижері.  
8 775 913 36 89

Әйгерім Кубаева – Бас әкімші. 8 771 495 85 45

### **❖ Ескерту!!!**

- Конкурсты өткізу мерзімі өзгерген жағдайда қатысушыларға (конкурсанттарға) алдын-ала хабарландыру беріледі.

*Ұйымдастыру алқасы*